

**Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезектен тыс XXXII сессия)
2014 жылғы 30 сәуірдегі № 166/32 "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік
және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы"
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 қазандағы № 218/39 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қарашада № 4181 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 06.05.2021 № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" № 166/32 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 05 мамырда № 3790 тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырдағы № 21 "Баянтау" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1–тармақтың төртінші абзацы:

"қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасы мүгедектер күніне орай:" түрінде жаңа редакцияда жазылсын;

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл аудандық мәслихатының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Д. Бақаева

Аудандық
хатшысы

мәслихаттың
Т. Қасен

" К Е Л І С І Л Д І "

Павлодар
міндетін

облысы

әкімінің

2014

жылғы

" 7 "

атқарушы

Д. Тұрғанов

қараша

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК